



Автор: Баяхметова Шынар

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Туған жерім-аялы алтын бесігім

Тақырып: "Қажымұқан" хикаяты. "Парижде" үзіндісінің мазмұндық желісі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	А/И 2. Шығармадағы Қажымұқан бейнесін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Үзіндідегі басты кейіпкер Қажымұқанның образын сипаттай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Үзіндідегі кейіпкерлерді салыстырады, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын жіктейді. Кейбір оқушылар орындай алады: Ой түйіндеу арқылы ХХІ ғасырдың таңғажайып кейіпкерін ойлап табады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: пері, зындан, жорық, пұл, шоқпар, қоржын, жорықшы
Күтілетін нәтиже:	Шығармадағы Қажымұқан бейнесін анықтайды
Бағалау критерийлері:	Шығармадағы Қажымұқан бейнесін анықтау
Құндылықтарды дарыту:	Бағалау критерийлері: • Кейіпкерлерді салыстырады, ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады. • Сөздік қоры молаяды
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Бейнелеу өнері.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Қызығушылықты ояту. С. "Бәйтерек мұнарасы" әдісі. «Кендебай бойындағы қасиеттердің қайсысы сенің бойыңда бар?» Сұраққа жауап беру арқылы оқушы стикерге жазып мұнара құрастырады. Бағалау критерийлері: • Кендебай бойындағы қасиеттер арқылы Кендебай образын ашады. • Өзін - өзі бағалайды	
Сабақтың ортасы (27 мин)	С. "Триггерлік суреттер" әдісі. 10 мин. Ертегінің мазмұны бойынша салынған суреттерді реттілігін сақтап орналастырады. Сәйкес суреттер алған оқушылардан жаңа топ құрылады. (4 топ) Сурет бойынша ертегі бөлігін мазмұндайды. Бағалау критерийлері: • Ертегінің мазмұнын біледі. • Сюжет реттілігін біледі. • Көркем тілмен баяндайды. ҚБ "Дауыс беру" әдісі 1 мин Кендебай суреті Хан Хан ұлдары ТЖ. "Ассоциограмма", "Қос диаграмма" "Таразы", "Венн диаграммасы" графикалық организаторлар. 10 мин. 1-топ: Кендебай мен Керқұла аттың ерекшеліктерін топтастыру. 2-топ: Кендебай мен пері елінің ханын салыстыру. 3-топ: Қойшы бала мен хан ұлдарын салыстыру. 4-топ: Кендебай мен Мергенбай бейнесін салыстыру. Бағалау критерийлері: • Кейіпкерлерді салыстырады, ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады. • Сөздік қоры молаяды. ҚБ "Дауыс беру" әдісі 1 мин Кендебай суреті Хан Хан ұлдары Ж. "Қиялымдағы таңғажайып бейне" әдісі. 10 мин. Таңғажайып қасиеттерді топтастыру арқылы ХХІ ғасырдың таңғажайып кейіпкерін ойлап табады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 мин)	Сабақтың соңы Рефлексия 5 мин Үйге тапсырма 2 мин Кері байланыс • Сабақтағы іс - әрекетке кері байланыс. «Табыс сатысы» әдісі. 1 - ші баспалдағы *Мен..... білемін. 2 - ші баспалдағы *Мен..... түсінемін. 3 - ші баспалдағы *Мен..... жасай аламын. «Керқұла атты Кендебай" ертегісіндегі кейіпкерлерден мен не үйрендім?» сынхабарлама жазу	
Рефлексия (3 мин)	Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқу мақсатына қол жеткізбеген болса неліктен деп ойлайсыз? Сабақ қалай және қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау дұрыс іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма, неліктен? Осы жоспарға қандай өзгеріс енгіземін және неге? Бұл бөлімді сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін қолданыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз. «Баланы бақылаңыз, олар өзін қалай оқыту керек екенін өздері сездіреді» дейді. Яғни бақылау арқылы оқушы қажеттілігіне сай әдістер қолдану мұғалім шеберлігінде. Белсенді оқуды жүзеге асыру бағытында назарларыңыздағы әдістер арқылы тапсырмалар орындаттым. Сабақтың басында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, зейінін шоғырландыру, қызығушылықты ояту негізінде "Бәйтерек мұнарасы" әдісін қолдандым. «Кендебай бойындағы қасиеттердің қайсысы сенің бойыңда бар?» деген сұраққа жауап беру арқылы оқушылар стикерге өз бойындағы қасиетті жазып мұнара тұрғызады. Сабақтың ортасында "Триггерлік суреттер" әдісі арқылы берілген тапсырмада әр оқушыға таратылған ертегіге байланысты суреттер арқылы жаңа топ құрастырылады. Әдіс оқушылардың ертегі мазмұнын, сюжет реттілігін білулерін және сол бөлімді көркем тілмен жеткізуді қамтамасыз етеді. Сынып оқушыларымен толық жұмыс жүргізуге және оқушыларды оқуға тартуға бағытталған. Көпшілік оқушылар орындай алады деген сараланған мақсатты жүзеге асыру үшін топтық жұмысқа "Ассоциограмма", "Қос диаграмма" "Таразы", "Венн диаграммасы" графикалық органайзерлерін қолдандым. Бұл әдістер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді. Теориялық білімін қолдана отырып, талдау жасауға оңтайлы. "Қиял-ойдың күші дүниені шыр көбелек айналдырады" деген екен Альберт Эйнштейн. Оқушының түйінді логикалық ойының қалыптасуына тиімді деп "Таңғажайып бейне" әдісін таңдадым. Блумның жинақтау, бағалау сатысындағы тапсырмада қасиеттерді топтастыру арқылы ХХІ ғасырдың таңғажайып кейіпкерін ойлап табады. Нәтижесінде оқушылардың сыни ойлауы, логикалық ой түйін жасауы сияқты дағдылары қалыптасады. Әр тапсырманы орындау барысында бағалау критерийлері алынған. Ертегінің мазмұнын сапалы меңгерді. Кейіпкерлердің құнды қасиеттерін ажыратады. Кейіпкерлерді салыстырады. Сыни ойлауы дамиды. Оқушылар кері байланысты қамтамасыз ету үшін қалыптастырушы бағалау қолданады. Ол "Дауыс беру" әдісі арқылы жүзеге асты. Сабақтың соңында оқушылар "Табыс сатысы" әдісі арқылы кері байланыс жасайды. Осындай белсенді әрекеттер нәтижесінде оқушы нені үйренеді? Өздігінен реттелуге; Оқи отырып басқаны оқытуға; Топпен жұмыс істеуге; Диалог жүргізуге; Өзін және басқаны бағалауға; Көшбасшылыққа ұмтылуға; Баға үшін емес таным үшін оқуға; сыни ойлауға үйренеді.	